



БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАК басқарма
төрағасы – ректор
А.М. Наметов
« 26 » _____ 2022 ж.

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

СМЖ.08.ҚЕ.12

Басылым № 04
Дана № _____

Дайындалды: 22.08.2022 ж. М.Ж.Алмагамбетова Ф.Б.Закирова	Келісілді: 25.08.2022 ж. Н.М. Губашев Е.Б.Ихсанов	Енгізілді: 27.08.2022 ж. 04.09.2019 ж. СМЖ.08.ҚЕ.12 орнына Қайта қаралуы: 27.08.2025 ж.
--	---	---

Мазмұны:

1. Максаты
2. Қолданылуы
3. Терминдер мен қысқартулар
4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
5. Сипаттама
6. Құжаттама
7. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, жөні	Қолы

1. Мақсаты

Бұл Ереже Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде (әрі қарай – Университет) білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында жасалды.

2. Қолданылуы

Бұл ереже университетте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша оқу бағдарламаларын жүзеге асырушылар мен үйлестірушілерге, оқу үрдісіне қатысатын барлық құрылымдық бөлімдерге, сонымен бірге оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша құрылымдық бөлімшелерге арналған.

3. Терминдер және қысқартулар

3.1 Терминдер

3.1.1. Үдерісте қолданылатын терминдер мен анықтамалар ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптарға сәйкес келеді. Сонымен қатар СМЖ.07.ҚР.01 Ақпараттарды құжаттау рәсімінде көрсетілген терминдер қолданылады.

3.1.2 Үдерісті сипаттау барысында төмендегідей терминдер қолданылады:

Міндетті компонент – мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында белгіленген және оқыту бағдарламасы бойынша студенттердің міндетті түрде оқуға тиісті оқу пәндерінің және кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі.

Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) – мамандықтың типтік оқу жоспары және білім алушылардың жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымы өз бетінше жасайтын оқу құжаты.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы (БАӨЖ) – тест түрінде, бақылау жұмыстарымен, коллоквиумдармен, рефераттармен, шығармалармен, есептермен және т.б. тексерілетін оқу-әдістемелік әдебиетпен және ұсыныстармен қамтамасыз етілген, белгіленген тақырыптар (соның ішінде өзі оқып үйренуге бөлінген) тізімі бойынша студенттердің орындайтын өздік жұмысы; білім алушылардың категорияларына байланысты былай бөлінеді: БАӨЖ – білім алушылардың өзіндік жұмысы, МӨЖ – магистранттың өзіндік жұмысы, ДӨЖ – доктаранттың өзіндік жұмысы; БАӨЖ-дің барлық көлемі күделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

Білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен жүргізетін өзіндік жұмысы (БАОӨЖ) – жалпы оқу кестесіне кірмей бөлек график бойынша жүргізілетін, білім алушылардың оқытушының жетекшілігімен аудиториядан тыс орындалатын жұмыс; білім алушылардың категорияларына байланысты былай бөлінеді: БАОӨЖ – білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысы, МОӨЖ – магистранттың оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысы, ДОӨЖ – доктаранттың оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысы.

3.2 Қысқартулар

3.2.1. Үдерісті сипаттау барысында орфографиялық ережелерге сәйкес және СМЖ.07.ҚР.01 Ақпараттарды құжаттау рәсімінде келтірілген қысқартулар қолданылады.

3.2.2. Үдерісті сипаттау барысында төмендегідей қысқартулар қолданылады:

ЖЖ – Жеке жоспар

ОҚТ – Оқытудың қосымша түрлері

ЖБП – Жалпы білім пәндері

КП – Кәсіби пәндер

ББ – Білім бағдарламасы

БАӨЖ – Білім алушылардың өзіндік жұмысы

МӨЖ – Магистранттың өзіндік жұмысы

БАОӨЖ – Білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысы

МОӨЖ – Магистранттың оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысы

С – силлабус

4. Жауапкершілігі және өкілеттілігі

1. Нақтылы жұмыс түрінің еңбек сыйымдылығына және бақылау нысанына сәйкес БАӨЖ-ға уақыт бюджетін анықтауді жүргізетін ПОҚ, қадағалайтын ЖМЖ, жазбалар ПОӘК-де көрсетіледі (СМЖ.08.ПК.08).

2. Тапсырмалар мен БАӨЖ-ді өткізу нысандарын әзірлеуді ПОҚ жүргізеді, ЖМЖ қадағалайды, жазбалар ПОӘК-де көрсетіледі (СМЖ.08.ПК.08).

3. БАӨЖ өткізу мерзімін ПОҚ және ЖМЖ жүргізеді, басқару процесі ИД жүктеледі, өткізу уақыты БАӨЖ – ды өткізу кестесінде белгіленеді.

4. БАӨЖ сабағын өткізуді ПОҚ орындайды, орындалуға жауапты ЖМЖ, жазбалар БАӨЖ сабағын өткізу журналдарында тіркеледі.

5. БАӨЖ сабағын өткізу кестесі мен сапасын бақылау АМЖБ жүктеледі, жауапты – ПОҚ, ЖМЖ.

5. Сипаттама

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 БАӨЖ мақсаты – білім алушылардың бойына таңдалған оқу бағдарламалар аумағында өзіндік шығармашылық еңбекке деген дағдыны қалыптастыру және оларға әртүрлі қазіргі құралдарды пайдалана отырып, кәсіби міндеттерді шешуге, үздіксіз өзіндік білім алуға және білімдерін жетілдіруге, еңбек уақытын ұйымдастыру мен жоспарлау тәжірибесін жинақтауға, ой өрісін жетілдіруге үйрету.

5.1.2 Кредиттік оқыту технологиясының міндеті – білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзіндік білім алуын дамыту. Сәйкесінше білім алушылар мен оқытушылардың төмендегідей жұмыстың типтік циклі жүзеге асады.

- оқытушының білім алушылармен типтік жеке жұмыс (ОБЖ) циклі үш негізгі қызмет атқарады.

Оқытушының бірінші қызметі – орнатушылық (тақырыпқа кіріспе, мақсат, тапсырманы анықтау, тәжірибелік тиімділікті, материал мазмұнының негізгі бөлімдерінің байланысы мен мәнін сипаттау, оқу-әдістемелік құралдармен жұмыс жөнінде кеңес беру және т.б.). Бұл студенттің келешектегі өзіндік жұмысы үшін жеткілікті болуы тиіс.

Оқытушының екінші қызметі – кеңес беру-түзету. Ол білім алушының өзіндік жұмысында оқу әрекетін жүзеге асыруда кеңес беру, сәйкес түзету жұмыстарын жүзеге асыру мен жеке кеңес беруде көмек көрсетеді. Білім үдерісінде бұл қызметті тьюторлар атқарады.

Оқытушының үшінші қызметі – бақылау-бағалау. Ол білім, білім алушылардың әр түрлі формадағы білімін, білігін және дағдысын бағалауды (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу және т.б.), оларға кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау бойынша диалог ұйымдастыру, оқытушының сарапшы немесе бақылаушы ретінде «дұрыс» әрекеттерді, эталондық тәсілдерді көрсетуін қарастырады.

- білім алушылардың оқытушы басшылығымен жүргізетін өзіндік жұмысының типтік бірлік цикліне мынадай төрт негізгі функция кіреді.

Біріншісі – оқу пәні бойынша белгіленген сабақтар кезінде оқытушы берген мәліметті білім алушылардың дұрыс қабылдауын жүзеге асыруды көздейді.

Екінші функция, оқытушының кеңесі негізінде білім алушылардың өз бетімен оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттер көзін оқуды, үй тапсырмалары, бақылау, курстық жұмыстар және т.б. жасауды көздейді.

Бұл кезеңде білім алушылардан жұмыс әдісін білуді, қиындықтарды анықтауды, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіпті талап етіледі.

Білім алушылардың үшінші функциясы – қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі кедергілер себептерін анықтау, басқа оқу әрекетін орындау. Білім алушылар шешімі табылмаған қиыншылықтарды оқытушыларға арналған сұрақтар жүйесіне жібереді (оларды реттеп, безендіріп, қатарға қояды), бұл сұрақтарға өз нұсқаларын көрсетеді.

Білім алушылардың төртінші функциясы оқытушыдан тиісті түсіндірулер мен ақыл-кеңес сұрау болып табылады.

5.1.3 БАӨЖ төмендегідей өзіндік қызмет түрлерін қамтиды:

- зертханалық және практикалық сабақтарда тапсырмаларды өзіндік орындау;
- өзіндік жұмыс графигіне сай оқу материалын игеру (дәрістер, оқу және ғылыми әдебиеттер, периодты басылымдар, Интернет-материалдары т.с.с. бойынша);
- курстық жұмыстар (жобалар), рефераттар, баяндамалар, сын-пікірлер, әдебиеттер тізімдері және басқа да жазба жұмыс түрлерін жазу;
- шетел тілдерінен аударулар орындау;
- оқу-зерттеушілік (төмен курстарда) және ғылыми-зерттеушілік (жоғары курстарда) жұмыстарын орындау;
- кәсіптік практика уақытында әртүрлі өзіндік жұмыс түрлерін орындау;
- нақты оқу пәндері мен мамандандырылуларға арналған өзіндік жұмыстың басқа да түрлері: жоғары мектеп пәндері бойынша өзіндік жұмыстар байқаулар.

5.1.4 БАӨӨЖ – сабақ ұйымдастыру технологиясына тәуелді сәтті жүзеге асырылатын, білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен орындалатын қызмет түрі. БАӨӨЖ барысында білім алушы оқытушымен сұхбат жасайды және оқу процесінің белсенді қатысушысы, еркін сын тұрғыда ойлау қабілетіне ие және өз білімі мен ой-пікірін ашық айтуға қалыптасады.

5.1.5 БАӨӨЖ-ын өткізудің екі формасы қаралуы мүмкін: топтық және жекеше.

5.1.6 Топтық БАӨӨЖ сабақтарының қызметтері:

- пәннің материалы бойынша: талқылау (дискуссия) өткізу, рефераттар мен баяндамаларды қорғау, ақпараттық кестелерді толтыру, іскер ойындар өткізу, өндірістік жағдай құрастыру, дөңгелек үстел ұйымдастыру және т.б.

- үй тапсырмаларымен, есепті-графикалық және семестрлік тапсырмалармен жұмыстану

- күрделі тапсырма-есептер талдау және шығару

- курстық жұмыс бөлімдері бойынша топтық кеңес беру

- топтық бақылау шаралары (тестілеу, бақылау жұмыстары).

5.1.7 Жекеше БАӨӨЖ сабақтарының қызметтері:

- оқу әдебиеттер бойынша, ғылыми баяндамаларды, рефераттарды, эссе, бизнес-жоспарлар, кейс-стадиы жазу мен өңдеу бойынша кеңес беру

- есепті-графикалық, семестрлік тапсырмалар және курстық жұмыстар (жобалар) бойынша кеңес беру

- аралық бақылау сұрақтары, аралық аттестация бойынша кеңес беру

- топтық жобалар, презентациялар дайындауда, эссе, дөңгелек үстел, іскер ойындар және т.б. бойынша кеңес беру

- зертханалық және практикалық жұмыстардың нәтижелерін талдау бойынша кеңес беру

- қатыспаған сабақтардың тапсырмаларын тапсыру

- жекелеген бақылау шаралары

5.1.8 БАӨӨЖ сабақтары жеке бекітілген график бойынша өткізіледі.

5.1.9 Уақыт бюджетін анықтау негізіне сүйене отырып және пәндердің оқу жоспарлары мен силлабусқа сәйкес өзіндік жұмыстың түрі, көлемі және тапсырманың мазмұны жоғары мектептермен тағайындалады.

5.1.10 Өзіндік жұмыстардың жалпы әдістері мен тәсілдері бойынша білім алушыларды оқытуға ұйымдастыру жеке жоғары мектептерге, ал оның өзіндік ерекше тәсілдерін игерту әр оқу пән оқытушыларына жүктеледі.

5.2 Үдерістің кіріс және шығыс деректерінің құрамына, ресурстарға қойылатын талаптар

5.2.1 Кіріс деректері болып силлабус табылады.

5.2.2 Шығыс деректеріне:

- БАӨӨЖ бойынша журнал.

5.2.3 БАӨЖ ұйымдастыру мен өткізуге қажетті уақыт пен еңбек сыйымдылығын қойылатын талаптар үрдісті іске асыру кезінде жұмыстың әр жеке кезеңіне жауапты адамдармен анықталады.

5.3 Жұмысты орындау тәртібі

5.3.1 Білім алушылардың өзіндік жұмысын жоспарлау

5.3.1.1 Өзіндік жұмысты ұйымдастырудағы директораттарының рөлі:

- білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды жетілдіруде ұсыныстар енгізу;
- БАӨЖ-ты әдістемелік нұсқаулар және ұсыныстармен қамтамасыздануын қадағалау;
- БАӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар және ұсыныстар басылымдарын шығарудың жоспарын құру.

5.3.1.2 БАӨЖ-ді ұйымдастырудағы жоғары мектептердің қызметтері:

- тапсырманың қиындығына, пәннің ерекшелігіне, мамандығына қарай әрбір БАӨЖ түрінің көлемін (сағатын) анықтау;
- жоғары мектеп оқытушыларының БАӨЖ сабақтарын өткізу кестесін құрастыру;
- өзіндік жұмысты әдістемелік қамтамасыздандыру жөнінде семинарларды және ПОҚ-тардың кеңес беруін ұйымдастыру;
- әрбір оқытушының БАӨЖ-ді жоспарлауда нормативті құжаттарға сай орындалуын қадағалауды ұйымдастыру;
- БАӨЖ сабақтарының кесте бойынша өткізілуін қадағалау;
- жоғары мектеп пәндерінің БАӨЖ-не мониторинг өткізу.

5.3.1.3 БАӨЖ жоспарлау әрбір оқытушыдан келесіні талап етеді:

- бақылаудың нақты түрлері мен формаларының еңбек сыйымдылығына сәйкес БАӨЖ-на уақыт бюджетін анықтау;
- БАӨЖ-на тапсырмалар дайындау;
- оқу жүктемесіне сәйкес БАӨЖ бойынша кеңес беру уақытын анықтау;
- білім алушыны тапсырманы орындау қажеттілігіне, орындау мерзімін қадағалауға, топтың және жобаға қатысушылар алдында жауапкершілігі мен дайындығына қойылатын талаптар мен нәтиже күтуге баулу;
- ұсынылатын әдебиеттерді анықтау;
- білім алушылардың тапсырмаларды өзара ауыстыруларын анықтау;
- білім алушылардың тапсырманы талдау критерийлері мен сабаққа қатысу дәрежелерін анықтау;
- БАӨЖ ұйымдастыру бойынша әртүрлі нысандары мен түрлерін әзірлеу;
- БАӨЖ тапсырмаларын таратып беру (семестр басында).

5.3.1.4 БАӨЖ ұйымдастыру, нысандары мен түрлері, олар бойынша тапсырмалар, шешілетін проблемалық міндеттер мен өзекті мәселелер силлабус пен ПОӘК "БАӨЖ тапсырмалары" 2.4 бөлімінде көрсетіледі (СМЖ.08.ПК.08).

5.3.1.5 Силлабуста әр пән бойынша семестрдегі өзіндік жұмыстың көлемі, тапсырмалардың саны мен сипаты, еңбек сыйымдылығына сай сағаты және тапсыру мерзімі, БАӨЖ орындау бойынша әдістемелік қамтамасыз ету (ұсынылатын әдебиет) көрсетіледі.

5.3.2 Білім алушылардың өзіндік жұмысының мазмұны мен нысандарын әзірлеу

5.3.2.1 Оқытушымен жоспарланған және силлабуста бейнеленген білім алушылардың өзіндік жұмыстары төмендегідей болуы мүмкін:

- оқу материалына кірмейтін, бірақ оқу бағдарламасына сәйкес міндетті қосымша тақырыптар дайындау;
- мәселелі күрделі дәріске дайындық;
- оқулықтар, құралдар және дәріс конспектілері бойынша өткен дәріс материалдарын қайта жасақтау;
- практикалық және семинар сабақтарына дайындық;
- зертханалық жұмыс нәтижелерін өңдеу және зертханалық жұмысқа дайындық;
- бақылау жұмысына, қорытынды және аралық бақылауға дайындық;

– есепті-графикалық тапсырмаларды және рефераттарды орындау, ғылыми баяндамаларға дайындық;

– курстық жобаны (жұмыс) орындау және оны қорғауға дайындық;

– БӨЖ түрі мен типіне сай эссе мен глоссарии жазу, топпен презентацияға немесе есеп беруге дайындық;

– ғылыми мақалаларға, білім алушылар рефераттарына, эссе, баяндамаларына сын пікір жазу;

– курста өткен терминдер бойынша сөздік пен кроссвордтар дайындау;

– күрделі тапсырма-есептер шығару;

– кәсіпорын, ұйым, шаруа қожалығы және т.б. қызметтерін модельдеу;

5.3.2.2 Білім алушылардың шығармашылық қабілетіне сәйкес, оқытушыларға да әр түрлі БӨЖ формаларын қолдану ұсынылады.

5.3.2.3 Әр пән бойынша БАӨЖ түрі мен формасын таңдауда оқытушылар осы Ережені есепке ала отырып, оқытылатын пәннің мақсаты мен тапсырмаларына сәйкес білім алушыларды дайындау сатысы мен өзіндік жұмысқа бөлінген сағат санына сай өткізіледі.

5.3.3. Білім алушының өзіндік жұмысына бөлінетін уақыт бюджеті

5.3.3.1 Өзіндік жұмысты жоспарлауда білім алушыны шамадан тыс жүктеуге жібермеу аса маңызды және осы жүктемеге бөлінген әрбір тапсырманың арасындағы уақыт мөлшерін тиімді үлестіру. Өзіндік жұмыстың әр түрі бойынша білім алушының уақыт бюджеті – білім алушыға ұсынылған нормативті тізімнің уақыт (сағат) шамасымен анықталады:

- Дәрістерге дайындық 1 сағат дәріске - 1 сағат;

- Практикалық және семинар сабақтарына дайындық 1 сағат сабаққа - 20 минут;

- Тақырыптық блок мәселелері бойынша білімді ағымдық бақылауға дайындық - 30 минут;

- Ауызша/жазбаша/тест тапсырмаларын пайдалану арқылы жүргізілетін аралық аттестаттауға дайындық - 1 сағат;

- Емтихан/сынақ тапсыру нысанында өткізілетін қорытынды аттестаттауға дайындық - 2 сағат;

- Көлемі 8-10 бет ғылыми баяндаманы орындау - 8 сағат (1 баяндамаға);

- Көлемі 10-15 бет реферат орындау - 15 сағат (1 рефератқа);

- Үлгілік есептеуді орындау - 10 сағат (1 тапсырмаға);

- Есептеу-графикалық жұмысты орындау - 20 сағат (1 тапсырмаға);

- Ғылыми зерттеудің проблемалық-бағытталған тақырыбы бойынша ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу, талдау және құрылымдау - 20 сағат;

- Зерттеудің нақты материалдарын талдау және оларды өңдеу - 20 сағат;

- Ғылыми студенттік конференцияға хабарламамен ғылыми баяндама дайындау:

- мәтін көлемі 2-3 бет - 5 сағат;

- мәтін көлемі 4-5 бет - 10 сағат;

- Мәтін көлемі 2-3 беттен тұратын ғылыми мақала дайындау - 10 сағат;

- Көлемі 25-30 бетке дейінгі ғылыми есепті дайындау - 30 сағат;

- Курстық (бизнес) жұмысты/жобаны орындау (жоспар-кесте, түсіндірме жазба, жобаның графикалық бөлігі) - 30/40 сағат.

5.3.3.2 БАӨЖ-на бөлінген сағаттар негізінде әр оқытушы білім алушыға өзіндік жұмысты беру және қабылдау уақытын тапсырманың қиындық деңгейіне байланысты анықтауға құқылы. Әрбір жоғары мектеп БАӨЖ тапсырмалары оқу бағдарламалары құрылымына және бұл қызмет жоғары мектептің әдістемелік семинары жұмыстарының жоспарына енгізілуі тиіс.

5.3.4 Білім алушылардың жеке өзіндік жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру үшін оқытушыға арналған ұсыныстар

5.3.4.1 Білім алушының өзіндік жұмысы (БАӨЖ), білім алушының білім алуда шығармашылық ойлау қабілетін дамытатын және интеллектуалды инициативасын оятатын жеке жұмыс формасы ретінде:

– тапсырманы, курстық және дипломдық жобаны (жұмысты) орындауда, практикалық және зертханалық сабақтарға, коллоквиумға, семинарға, сынақ – емтихандарға аралық және қорытынды бақылауларға дайындалуда оқыту материалдарын тереңдетуді;

– ғылыми-ізденушілік және шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс жасаумен қатар өз бетінше ақпараттар іздеуде есептеу және жаңа техникалармен (компьютер, интернет т.б.) жұмыс жасауды;

– жұмыс уақытын ұйымдастыру мен жоспарлауға, мақсатқа жетуде шыдамдылық, төзімділікпен қатар, жаңа ақпаратты игеруде үздіксіз, жүйелі түрде дайындалуға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуді қарастырады.

5.3.4.2 Білім алушының пәннің сұрақтарын игеруі аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарды орындауынан тұрады. Осыған орай өзіндік жұмысты ұйымдастыру үш негізгі құрамдас бөліктерге бөлінеді:

а) аудиториядан тыс жұмыс – негізінен білімалушының өз бетінше жұмыс жасауы (дәріс, практика және зертхана сабақтарына дайындалуы, реферат, баяндамалар жазуы, презентацияға дайындалуы, жаттығулар орындап, есептер шығаруы);

б) аудиториялық сабақтарда білім алушылардың белсенді жұмыс жасауы – білім алушының оқытушымен бірлесе отырып, жұмыс жасауы (үй тапсырмасын талдау, сабақ уақытындағы – тренинг, диспут, іскерлік ойындар, презентация, логикалық тапсырмалар, кейстер т.б.).

5.3.4.3 Егер өз бетінше дайындалу процесін екі бөлікке бөліп қарастырса, онда бірінші бөлікке білім алушының оқу материалын игеру, түсіну, қолдану деңгейін, екінші бөлікке білім алушылардың өткен материалдарды талдап, синтездеп, бағалауын жатқызуға болады.

5.3.4.4 БАӨЖ кезінде білім алушының өз бетінше жұмыс жасау деңгейіне және оны оқыту әдісіне сай ақпаратты материалдар қайта өндірілетін, реконструктивті-ікемді, ізденуші-эвристикалық, шығармашылық болып бірнешеге бөлінеді. БАӨЖ формасы мен әдістерін таңдауда оқытушы келесілерді негізге алады:

– *Қайта өндірілетін БАӨЖ* – естіген немесе көрген ақпараттарды есте сақтап, бекіту немесе қайта өңдеу. Қайта өңдеу жаттығулары базалық оқу материалдарын аз уақыт ішінде меңгеруге және оқытушының түсіндірме кестесі негізінде жүргізіледі.

– *Реконструктивті-ікемді* (немесе өз бетінше жаттықтыру) – дәлелдемелер, логикалық құрылымдағы, формулалар нұсқаларына байланысты тапсырмаларды орындау. Реконструктивті-ікемді тапсырмаларда оқытушы білім алушыларға белгілі бір мәселе қояды, ал білім алушылар ұсынылған нұсқалар ішінен мәселенің шешімін табулары тиіс.

– *Эвристикалық, ізденушілік* (күрделі өзіндік жұмыс). Эвристикалық әдіс білім алушының зерттеу сияқты қосымша білім көлемін өз бетінше тауып, ізденуі. Іздену тапсырмалары білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытумен байланысты. Кейбір мәселелер бойынша екі немесе одан да көп көзқарастарды салыстыру, хабарлама және баяндама тезистерін құру т.б. кезінде білім алушыдан білімділік пен шығармашылық еңбек талап етіледі.

– *Зерттеуші-шығармашылық жұмыс* – баяндама, ғылыми хабарлама, идея немесе тәжірибені жазу, эссе, әңгіме-сабақ, диспут, кеш, КТК сияқты шараларды өткізуге арналған әдістемелік нұсқау, топпен және жеке дайындалатын жоба презентациясына дайындық, курстық және дипломдық жұмыстар, шаруашылық келісім – шарт жұмыстары.

5.3.4.5 БАӨЖ түрін таңдау оқу пәніне, оның мақсаты мен тапсырмасына, тәжірибе қажеттілігі мен күрделілік дәрежесіне байланысты жүзеге асырылады. Өзіндік жұмыс тапсырмаларын әр оқытушы пән аралық байланысты пайдалана отырып (модульдік оқыту бағдарламасына сүйене отырып) дайындауға құқылы. Әр оқытушы жасалатын жұмысына сай өзіндік жұмыстың түрін өзі таңдайды.

5.3.4.6 Кейбір өзіндік жұмыс түрлерінің сипаттамасы:

Тақырып бойынша шолу дайындау – интернеттің ақпарат ресурстары мен қосымша материалдары көрсетілген тақырыпқа ұсынылатын 1-2 беттен тұратын қысқаша жазбаша шолу.

Глоссарий – берілген тақырып бойынша шетел тіліне аударылған қазақ және орыс тіліндегі терминдер мен түсініктердің қысқаша түсіндірмесі.

Сабаққа дайындық – білім алушының дәріс және практикалық материалдарды игерудегі, ұсынылған әдебиеттерді зерделеу, оқулықтардың түрлі бөлімдерінен мақалалардың қысқаша жазбасын түсіру сияқты өзіндік жұмыстың кәдімгі түрі.

Баяндамалар білім алушының қызықтырған сұрағын жете зерделеуіне, материалды ықшамды және қолжетімді етіп мазмұндауына, мәтінге пікірталас енгізуіне, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Реферат – белгілі бір тақырыпта ғылыми жұмыстың, кітаптың мазмұны келтірілген немесе міндетті әдебиеттік шолуы көрсетілген баяндама түріндегі өзіндік жұмыстың мейлінше кең тараған түрі. Мейлінше қызғылықты және шығармашылық жұмыс *рефератты оппоненттеу* болып табылады, нәтижесінде дискуссия жүргізу мен сөйлеу, талдау өнерін меңгеруге болады.

Ағымдағы есеп пен аралық бақылауға дайындық – әңгімелесу, жазбаша және тестілеу түрінде оқылып жатырған пәннің әр түрлі тақырыптары бойынша білімін, дайындық деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

Тестілеуге дайындық білім алушының тақырып немесе бөлімнің материалдарын мұқият зерделеуін қажет етеді, яғни белгілі бір терминдерге, ұғымдардың мазмұнына, алгоритмдерге, сол немесе басқа аймақтың ғалымдарының аттарына зейін аударуы тиіс.

Өз бетінше дайындалуға арналған *сұрақтар* жиналған материалдарды талдау негізіндегі жауап шегінде болуы мүмкін.

Эссе – білім алушының белгілі бір тақырып бойынша қысқаша пайымдауы. Эссенің айырықша ерекшелігі – жекешелілігі, оқытушы қойған сол немесе басқа мәселеде білім алушының өзіндік, шығармашылық ойлаудың қажеттілігі. Өзіндік жұмыстарға арналған эссенің тақырыптары оқытылып жатырған пәннің нақтылы сұрақтары болуы қажет. Оқытушы үшін бірінші кезек сол немесе басқа мәселеге қатысты білім алушының жеке пікірі маңызды болуы тиіс.

Мақсат ағашын құру үшін білім алушыға мәселені таңдау және деңгейі бойынша мақсатты анықтау; әр деңгейдің тапсырмасын анықтап, нақты жоспарлар құру; кәсіпорын мақсатын анықтау үшін ұйымдық құрылымды анықтау; тапсырманы бақылау формалары мен жұмыс сапасын анықтау шараларын жүзеге асыру ұсынылады.

Презентация – білім алушының таңдаған тақырыбы бойынша өз түсінігін немесе түсінбеген аспект сұрақтарын ортаға салып, талдауы; презентация білім алушының тақырыпты кәсіби тұрғыда қаншалықты аша алғандығына, айналасындағылардың қызығушылығын оята алу қабілетіне байланысты бағаланады.

Нақты жағдайлар – білім алушыға берілген мәселе бойынша сұраққа жауап беру үшін әр түрлі қарапайым және күрделі жағдайлар ұсынылады; жоғары деңгейде дайындығы бар білім алушы өз кейсін дайындауына болады.

Іскерлік ойындар – білім алушыға болашақта кәсіби дағдыға қалыптасуына үлкен көмегін тигізеді. Кейбір іскерлік ойындарға үй жұмысын дайындау, кітапхана қорын, интернет-ресурстарын немесе басқа да өндіріс көздерін пайдалану арқылы жалғастыру ұсынылады.

Іскерлік ойынға дайындалу – білім алушыға болашақта кәсіби дағдыға қалыптасуына көмегін тигізуіне байланысты рөлдерді тарату, материалдарды жинақтау болып табылады. Нәтижелерді рәсімдеуде жинақтап қорыту, нақты қорытындылар мен ұсыныстар құрастыруды талап етеді.

Топтық жоба – топтың саны 3-7 адамнан аспауы және әр топ өз жобасын жеке дайындауы керек.

Жеке жоба – мейлінше дайындығы мол білім алушы тапсырманы өз қалауы бойынша орындайды; жұмыс тақырыптың өзектілігі мен зерттеушілік сипатына байланысты ерекшеленуі тиіс; жоба нәтижесін білім алушылардың конференциясына ұсынуға болады.

Семестрлік (бақылау) жұмыстары білім алушының өзіндік жұмысына арналған материалды зерделеу мақсатында, сонымен қатар пәннің аумақты тақырыптары және бөлімдері бойынша алған білімдерін бекіту мақсатында жүргізіледі.

Курстық жоба (жұмыс) – белгілі бір тақырыпқа өзіндік зерттеулер мен есептер жүргізу, орындау барысында білім алушы ғылыми, оқу және арнайы әдебиеттермен, құжаттармен, анықтама материалдарымен жұмыстанудың дағдыларын қалыптастырады, іздеу қызметі, өңдеу, жинақтап қорыту, ақпаратты талдау әдістерін меңгереді, нақты бір пән бойынша білім алады.

Ағымдық бақылау түрлері және бағалау критерийлері бойынша ұсынымдар: коллоквиум, бақылау жұмысы, баяндама, конспект, семинар, ғылыми мақала, реферат, жоба, эссе, кейс-стади және т.б..

5.3.4.7 БАӨЖ тапсырмасының деңгейі мен күрделілігі оқыту курсына тәуелді және олардың мақсатты бағытталуын анықтайды. Бастапқы 1-2 курстарда өзіндік жұмыстың мақсаты дәріс пен семинар сабақтарында алған білімдері мен шеберлігін кеңейту және бекіту болып табылады. Бұл жағдайда БӨЖ өткізудің келесі түрлері ұтымдырақ болып есептеледі: эссе жазу – қандайда бір түсініктің қисынын келтіру, тақырып бойынша шолу жасау, глоссарий, есептердің шешімін табу.

Жоғарғы курстарда білім алушылардың өзіндік жұмыстарының әдістемелік мазмұны болашақ маманның нақты практикалық мәселелерді шеше алуына бағытталуы тиіс. Осы жағдайда оқыту үрдерісінде «кейс-стади» технологиялары, өнертапқыш есептерінің шешімінің теориялары (ТРИЗ), кешенді технологиялық тапсырмалар, өндіріске байланысты жобаларды орындау сияқты БӨЖ түрлері қолданылған ұтымды болып келеді. Бұл үдерісте білім алушы өзінің академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар мәселені шешуде өзінің дәстүрлі емес жолдары мен жаңашыл ойлауын көрсетуіне мүмкіндігі ашылады.

5.3.5 Өзіндік жұмыстың орындалуын бақылау және бағалау

5.3.5.1 БАӨЖ-н бақылауда нақты шаралар анықталып, уақыты белгіленген және аудиториялық, ағымдық және аралық бақылауларды ұйымдастыруға бірден бір себеп.

5.3.5.2 БАӨЖ-н бақылау білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың негізгі элементі болып табылады:

- Жоғары мектептегі БАӨЖ сабақтарын өткізу кестесі;
- БӨЖ тапсырмаларын тапсыру кестесі (нені, қашан оқу керек және қашан, қандай формада есеп беру керек);
- сессияда БАӨЖ түрлері мен бақылау әдістері әр бақылау формасы бойынша уақыт бюджетін есепке ала отырып нақты көрсетілуі тиіс;
- Жоғары мектеп білім алушылардың игеріп жатырған әр пән көлемінде БАӨЖ-дің еңбек сыйымдылығы, бағасы, саны бойынша біріңғай жүйесін өңдеуге тырысулары қажет.

5.3.5.3 БАӨЖ бойынша әрбір тапсырма 100 балдық шкаламен бағаланады. Өзіндік жұмыстың соңғы жетістігі білім алушының аттестациялық кезең (семестр) ағымындағы алған барлық бағаларының орташа арифметикалық мәнімен есептеледі және міндетті түрде аттестациялық және семестрлік рейтингте ескеріледі.

5.3.6 Өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін білім алушыға ұсынылатын нұсқау

5.3.6.1 Өткен дәріс, практикалық және зертханалық сабақтар материалдарын зерделеу өзіндік жұмыстың маңызды түрінің бірі болып табылады. Материал мейлінше толық қамтылған болса, білім алушыға соғұрлым өзіндік жұмысты орындау жеңілрек болады. Өткен дәріс материалдары бойынша алғашқы күннен бастап неғұрлым күнделікті, жүйелі жұмыс жасалса, келесі дәріс материалдарын жақсы түсініп, практика, зертхана сабақтарын меңгеруге мүмкіндік туады.

Материалды зерделеу әдістері:

- жұмыс орынын таңдау;
- егер үйде жұмыс жасауға мүмкіндік болмаса, университет кітапханасының оқу залы немесе қалалық кітапхана қызметін пайдалануы;
- дәріс конспектілері қол астында болуы;
- қолында курс бағдарламасы болуы;
- ұсынылған әдебиеттер тізімін (оқулық, нұсқау, есептер жинағы), қажетті жағдайда керек-жарақтар, материалдар мен құрал-жабдықтарды пайдалануы керек.
- дәріс материалдарын сабақ өткен күннен қалдырмай қайта өңдеу қажет, себебі кейінге қалдырса, ұмытылып қалуы мүмкін;

– конспектімен жұмыс жасау кезінде міндетті түрде әдебиетке сілтемелер жасап отыру керек (бұл емтихан кезінде көп көмектеседі), сонымен қатар қажетті толықтырулар мен түзетулер енгізуге болады;

– тақырып бойынша жұмыс әбден түсініп, материалдарды толық есте сақтағанға дейін дайындалуды қажет етеді;

– тақырыпты талдауда оқулықтар мен нұсқауларда берілген мысалдарды қарастырып, есептердің шығарылу әдістерін меңгеру қажеттілігі туындайды;

– егер тақырыпқа дайындалу кезінде түсінбеген сұрақтар туындаса, кезекті дәріс, практикалық, БАӨЖ және т.б. сабақтары уақытында оқытушыдан сұрауға болады.

5.3.6.2 Жеке үй тапсырмасы (ЖҮТ) білім алушыларға практикалық сабақ кезінде беріледі. Үй тапсырмасын орындау мақсаты практикалық сабақтар сұрақтарының шешімін теориялық біліммен ұштастыру болып табылады.

Тапсырманы орындау әдісі:

- өзіндік тапсырмаға берілген тақырып бойынша дәріс материалдарын қайта өңдеп, зерделегеннен кейін дайындалуға болады;

- есеп шығаруға отырмас бұрын, берілген шартымен толық танысу;

- есеп шығару немесе тапсырманы орындау жоспарын жасау;

- есеп шығаруда қажетті формулаларды қолдану;

- формулалардың құрамындағы физикалық шамалардың мазмұнына тағы бір шолу жасау;

- тапсырма немесе есеп шешімін табуда бірінші кезекте жалпы түрде, кейін әріптік нұсқалардың сандық мәнін келтіру;

- нәтиже бойынша аралық және қорытынды шешімдердің бірлік өлшемін көрсету;

- шешімнің дұрыстығына талдау жасау.

5.3.6.3 Практикалық сабақтарға дайындық – көптеген пәндер бойынша практикалық сабақтар оқу жұмысының маңызды түрінің бірі болып табылады (дәріс сабағы болмағанда), ол БАӨЖ-дің негізгі түрі және жұмыстың бұл түрі «білім-іскерлік-дағды» бірінғай кешенін қалыптастыруға, тәжірибеде теориялық білімін пайдалануға ықпал етеді.

Практикалық сабаққа дайындалу әдісі:

- аудиториядағы өзіндік жұмысты орындау үшін қажетті мағлұматтармен қамтылу;

- сабаққа міндетті, тұрақты қатысып, дайындалып жүру;

- өткен тақырыптар бойынша негізгі теориялық ережелерді еске түсіріп отыру;

- теориялық курс бойынша аттестация және қайта тапсыру кезінде негізгі теориялық ережелерді қайталап, оқулықтағы мысалдар мен формулаларды еске түсіріп, пайдалана білу;

- егер қажеттілік туындап жатса, сабаққа есептер жинағын, материалдар мен әртүрлі прибор құралдар әкеліп, пайдалану қажет.

Сабаққа деген жақсы дайындық білім алушының аудиторияда белсенді жұмыс жасауына және сол жасаған жұмысынан өзі қанағат алуына мүмкіндік береді.

5.3.6.4 Коллоквиумға дайындық (әңгімелесу) кейбір пәндерден білім алушының курс бойынша теориялық бөлімін меңгеру дәрежесін бағалау және кейбір сұрақтар мен жағдайларды өзіндік қайта өңдеу мақсатында жүргізіледі.

Коллоквиумға дайындық әдістемесі – коллоквиумға енгізілген сұрақтарға дайындалу кезінде өткен теориялық материалдарды қайта еске түсіру немесе стандарттағыдай ия болмаса өзгертілген жағдайда да қажетті деңгейі игерілу және қолданылу мүмкіндігі туындайды.

5.3.6.5 Зертханалық жұмыстарға дайындық. Көптеген пәндерден зертханалық жұмыстар жүргізіледі. Сабақтың жүргізілу мақсаты:

- теориялық білім мен тәжірибе бірлігінің байланысын дәлелдеу;

- аспаптар, құрал-жабдықтармен жұмыс жасау біліктілігін үйрету;

- монтаж жасау және жұмыс сызбанұсқаларды дайындау біліктілігін қалыптастыру;

- машина, аспап, құралдар мен аппараттарды қосуды үйрету;

- алынған нәтижені өз бетінше талдап, оның теориямен сәйкестігін салыстыруға үйрету;

- ғылым ретінде білім алушының зертханалық практикүмға деген қызығушылығын тудыру.

Білім алушының теориялық білімді игеру дәрежесі мен зертханалық жұмысты орындауға дайындығын бағалау, сауалнама өткізу негізінде жүргізіледі.

Зертханалық жұмысты орындау кезінде білім алушыдан тәртіп пен техникалық қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау талап етіледі.

Зертханалық жұмысты орындау кезінде білім алушыларға қолдану үшін әдістемелік нұсқаулар беріледі. Білім алушы әдістемелік нұсқауды алдын ала дайындап, аудиториялық сабақтан бұрын зертханалық жұмыс туралы жұмыс дәптеріне қажетті жазбаларды тіркеу қажет.

Білім алушы зертханалық жұмысты қорытындылауда алынған нәтижені талдап, есебін қорғауы тиіс. Жұмысының есебін тапсырмаған білім алушы ереже бойынша келесі жұмысқа жіберілмейді.

5.3.6.6 Бақылау жұмысына дайындық.

Бақылау жұмысын жүргізудің мақсаты:

- білім алушының ағымдағы үлгерімін тексеру;
- топ білім алушыларының сабаққа дайындығын тексеру;
- үлгере алмайтын білім алушылармен жұмыс жасау шараларын ұйымдастыру болып табылады.

Бақылау жұмысына дайындалу үшін білім алушылар:

- бақылау жұмысының тақырыбын білулері;
- берілген тақырып бойынша теориялық материалдар мен негізгі формулаларды және есептер шығару әдістерін есіне түсіруі;
- практикалық сабақтарда қарастырылған есептерді, оқулықтардағы мысалдарды қайта қарап, қайталау жұмысын жасауы тиіс.

Егер де бірінші дәрістен бастап өткен материалдармен жүйелі түрде жұмыстанатын болса, бақылау жұмысына дайындыққа өте көп қиналмауына және көп уақыт жоймауына себеп болады.

5.3.6.7 Курстық жобаны (жұмысты) орындауда білім алушы ПОӘК-нінің құрамына кіретін әдістемелік нұсқауды жетекшілікке алуы тиіс.

Тапсырманы орындау тәртібі:

- жоғары мектептен (оқытушыдан) курстық жұмыс немесе жоба тақырыбын алу;
- өзіндік жұмыс кестесіне сай тапсырманы берілген мерзімде орындау;
- тапсырманы орындау кезінде қиындықтар туындаса, сәйкес тақырыпты қайта қарап, тапсырманы орындауға қайта отыру керек;
- егер бұдан кейін де қиындықтар кездесіп жатса, білім алушы оқытушы кенесіне жүгіне алады;
- алынған қорытынды немесе шешімді талдау;
- қорғауға дайындық кезінде сәйкес теориялық ережелерді тексеріп, қажет жеріне өзгертулер енгізу;
- тапсырманы орындауда қолданылған әдістердің дұрыстығына көз жеткізу;
- тапсырма мерзімінде қорғалуы тиіс, олай болмаған жағдайда тапсырма академиялық қарыздар есебіне кіреді.

5.3.6.8 Өзіндік жұмысты орындауға берілетін уақыт шектеулі болғандықтан, білім алушы жұмысты жоспарлай, біліктілікті арттыра, тәжірибе жинақтай, өнімді жұмыс жасай және еңбекке қабілетін сақтау мақсатында демала білуі тиіс. Сондықтан білім алушылардың өзіндік жұмысын орындау әдісін дайындауда жоғары мектеп және әр оқытушы жауапкершілігі арта түседі.

5.4 Үдерісті басқару және мониторинг (бағалау) әдістері

БАОӘЖ сабақтарын өткізуді ЖМЖ, ИД тарапынан бақылау.

Жоғары мектеп отырыстарында жауапты адамдардан (ЖМЖ) ақпараттарды тыңдау.

Сауалнама жүргізу және т.б. арқылы білім алушылардың пікірлерін анықтау.

6 Құжаттама

БАОӘЖ сабақтарын өткізу журналы

ПОӘК

БАОӘЖ сабақтарын өткізу кестесі

7 Сілтемелер

«Білім туралы» ҚР заңы 27 шілде 2007 ж. № 319-III;
Оқу процесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру ережелері. ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығы 20 сәуір 2011 ж. № 152;
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. ҚР Ғылым және жоғары білім алу министрінің 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығымен бекітілген;
«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КеАҚ-ның 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы;
СМЖ.08.ПК.05 Университетте оқу процесін ұйымдастыру;
ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар.

Қосымша 1

Бекітемін _____ институтының директоры

(аты-жөні)
« _____ » _____ 20__ ж.

20__ - 20__ оқу жылындағы _____ жоғары мектеп бойынша білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмыс кестесі

№	Оқытушының аты-жөні, тегі	Пәң атауы	Лек (топты көрсету)	Өткізу уақыты		
				апта	күні	Уақыты

Жоғары мектеп жетекшісі _____ (аты-жөні)
« _____ » _____ 20__ ж.



УТВЕРЖДАЮ

Председатель правления – ректор
НАО Западно-казахстанского
аграрно-технического университета
имени Жангир хана

А.М. Наметов
« 26 » 2022 г.



ПОЛОЖЕНИЕ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ
РАБОТЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ**

СМК.08.ПД.12

Редакция № 04
Экземпляр №__

Разработано: 22.08.2022. Алмагамбетова М.Ж. Закирова Ф.Б.	Согласовано: 25.08.2022. Губашев Н.М. Ихсанов Е.Б.	Введено: 27.08.2022. Взамен: СМК.08.ПД.12. от 06.09.2019 г. Пересмотр: 27.08.2022.
---	--	--

Содержание:

- 1 Цель
- 2 Применение
- 3 Термины и сокращения
- 4 Ответственность и полномочия
- 5 Описание
- 6 Документация
- 7 Ссылки

Изменения				
№	Дата введения	Номер страниц	Разработчик	
			ФИО	Подпись

1. Цель

Настоящее положение разработано в целях методического содействия в организации самостоятельной работы обучающихся в Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете им. Жангир хана (далее - университет).

2. Применение

Настоящее положение действительно для всех структурных подразделений университета, реализующих, координирующих образовательный процесс, профессиональные учебные программы высшего и послевузовского образования, а также для специализированных структурных подразделений по учебно-методической работе.

3. Термины и сокращения

3.1 Термины

3.1.1. Термины и определения, применяемые в настоящей процедуре, соответствуют СТ РК ИСО 9001-2016 Системы менеджмента качества. Требования и СМК.07.ДП.01 – Документирование информации. При описании процесса используются следующие термины:

Обязательный компонент – перечень учебных дисциплин и соответствующих минимальных объемов кредитов, установленных государственными общеобязательными стандартами образования и изучаемых студентами в обязательном порядке по программе обучения.

Рабочий учебный план (РУП) – документ, разрабатываемый организациями образования самостоятельно на основе типового учебного плана специальности и индивидуальных учебных планов обучающихся.

Самостоятельная работа обучающегося (СРО) – работа по определенному перечню тем, вопросов, отведенных на самостоятельное изучение, обеспеченных учебно-методической литературой и рекомендациями, контролируемая в виде тестов, контрольных работ, коллоквиумов, рефератов, сочинений и отчетов; в зависимости от категории обучающихся она подразделяется на: СРО - самостоятельная работа обучающегося, СРМ - самостоятельная работа магистранта и СРД- самостоятельная работа докторанта; весь объем СРО подтверждается заданиями, требующими ежедневной самостоятельной работы;

